

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты
2017 жыл

Тақырыбы: Қазіргі замандағы әлемдік діндер

Орындаған: Борашев А.С

Қабылдаған: Аманова А.С

Жоспар

- Ислам діні
- Христиан діні
- Буддизм

Ислам

- Ислам сенімінің негізі – бір Аллаһ Тағалаға ғана құлшылық ету және бір Аллаһтан ғана көмек сұрау.
- Ислам - монотеистік таухид діні.
- «Ислам» араб тілінде «берілу, мойынсұну, бейбітшілік» деген мағыналарды білдіреді. Ислам дініне сенген, бой ұсынып көңіл бөлгендерді мұсылман деп атайды.
- Ислам әлемінің ғалымдары Ислам діні тек бір қауымға, бір ұлтқа ғана тән жаңа дін деп санамайды. Ислам бүкіл адамзатқа берілген ең соңғы, кемел, білім мен бейбітшілік және татулық діні. Адам Атадан Мұхаммед Пайғамбарымызға дейінгі пайғамбарлар уағыздаған діндер – ислам діні болатын.

Пайғамбар өмірбаяны

- Аллаһ елшісі әз-Мұхаммед 570 жылы сәуір айының 20 жұлдызында Мекке қаласында дүниеге келген. Аллаһ елшісінің әкесі – Абдулла, анасы Әмина болатын. Меккеліктерде сәбилерін сүт аналарына беріп бақтыру салты болатын. Хазірет Пайғамбар сүт анасы Халиманың қолында бес жасына дейін тұрып, анасының жанына оралады. Дүниеге көзін ашпай әкесінен айырылған әз-Мұхаммед 6 жасынан анадан да жетім қалған соң, атасы Әбділмүталіптің тәрбиесінде болды. Хазірет Мұхаммед 8 жасында кіші атасы Абуталіптің қолына келді. Мұхаммед Құрайыш тайпасынан болатын. Әз-Мұхаммед 25 жасында Құрайыш тайпасындағы мәртебелі, бай әйел Хадишаға үйленеді.

- Хазірет Мұхаммедке пайғамбарлық 40 жасында келген деген пікірлер діни деректерде жазылған. Күллі меккеліктердің құрметімен сүйіспеншілігіне бөленген өз-Мұхаммедті Мұхаммед әмин деп атайтын.
- Аллаһ елшісі жайында Тәурат пен Інжілде айтылған. Мұхаммед Пайғамбар бір қауымға ғана емес, бүкіл адамзатқа жіберілген ақырзаман Пайғамбары. Мұхаммед Пайғамбар Аллаһтың сөзі Құран-Кәрімді адамзатқа түсіндіріп насихаттады.

- 610 жылы қасиетті рамазан айының Қадір түнінде Құран-Кәрімнің алғашқы аяттары Жәбрейіл періште арқылы уахи етіліп, Мұхаммедке пайғамбарлық жолы ашылды. Бұл – ислам өркениеті мен мәдениетінің бастауы ретінде адамзат тарихының ең маңызды белесі болатын.
- 622 жылы мұсылмандар Меккеден Ясрибке («Мәдинәт ун-Нәби - Пайғамбар қаласы») көшіп барады. Мәдина қаласының Ауыс және Хазраж рулары ансарлар (көмекшілер) мухажирлерді (көшіп келушілер) құшақ жайып қарсы алды. Хижра – мұсылман күнтізбесінің басталуы, әлемнің мұсылман елдерінде осы Хижра күнтізбесі қолданылады.
- Әз-Мұхаммед 632 жылы 63 жасында қайтыс болды. Пайғамбарлардың мөрі Аллаһ елшісінің өсиеттерін, сөздерін, сахабалар ,табиғиндер болашақ ұрпақтарға жеткізді.

Ислам діні бес негізгі тұғырдан тұрады:

- 1. Аллаһтың барлығына, бірлігіне, хазірет Мұхаммед (с.а.у) Аллаһтың құлы және елшісі болғандығына көңілмен сеніп, тілімен мыналарды айту керек: «Аллаһтан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі». Араб тілінде «Ла илаһа иллаллаһ Мұхаммадур Расулуллаһ»
- 2. Діннің діңгегі - намаз. Күніне 5 уақыт намаз оқу;
- 3. Рамазан айында бір ай ораза ұстау;
- 4. Белгілі байлық мөлшеріне ие болған мұсылманның байлығының бір бөлігін жылына бір рет Аллаһ Тағаланың ризалығы үшін зекетін беру;
- 5. Денсаулығы жақсы және жетерлік мал-мүлкі болса, қажылық ғибадатын орындау

Намаз

- Намаз – мұсылман болған ер кісі мен әйелге парыз.
- **Намаздың түрлері:** парыз, уәжіп, нәпіл.
- Парыз намаздар – «айн парыз» (жалқы парыз), және «абкифая парыз» (жалпы парыз) болып екіге бөлінеді. Айн парыз намаз – балиғатқа толған барлық мұсылмандарға парыз, әрқайсысы жеке іске асыруға міндетті. Айн парызға бес уақыт намаз және жұма намазы жатады. Кифия намазы – бір мұсылман қайтыс болғанда, жақындары мен таныстары, жалпы мұсылмандардың оқитын жаназа намазы.
- Уәжіп намаз – мұсылманның іс-әрекетіне байланысы жоқ және тікелей байланысы бар уәжіп деп екіге бөлінеді. Алғашқы топтағы уәжіп намаздарға – құптан намазынан кейін оқылатын үш рәкат үтір намазы мен Рамазан және Құрбан айтта оқылатын айт намаздары жатады. Екінші топқа нәзір (атау) намазы, қателік сәждесі және басталып, аяқталмай бұзылған намаздардың қазасы жатады. Нәзір намазы – адамның өзіне міндет болмаған намазды атау арқылы уәжіп еткен намазы.
- Нәпіл намаздар – парыз намаздардың алдында және соңында оқылатын сүннет намаздар.

Ораза

- Оразаның сөздік мағынасы – бір нәрседен алыстау, шариғи мағынасы – ораза ұстауға күші жеткен адамның ниет етіп, таңның атуынан күннің батуына дейінгі уақытта оразаны бұзатын нәрселерден сақтануы.
- Ораза белгілі бір уақытта ішіп-жеуден және құмарлық сезімдерден сақтану. Мұсылмандар рамазан айында ораза ұстайды.

- **Оразаның түрлері:** парыз, уәжіп, нәпіл.
- Парыз ораза – рамазан айының оразасы және қазаға қалған ораза, кәффәрәті, яғни рамазан оразасын әдейі бұзудың жазасы үшін ұсталатын ораза.
- Уәжіп ораза – белгілі бір уақытта ораза ұстауға ниеттенгеннен кейін тағайындалған ораза. Белгілі бір уақыты белгіленбей кез келген бір күні, не болмаса бір айда ұстаймын деген ораза тағайындалмаған уәжіп ораза.
- Нәпіл ораза – күн ара ауыз бекіту, әр айдың он үшінші, он төртінші, он бесінші күні ораза ұстау. Әр аптаның дүйсенбі, бейсенбі күндері ораза ұстау, шәууәл айында алты күн ораза ұстау, Арафа күнінде ораза ұстау, Ашура күні ораза ұстау. Сонымен қатар, Зилқағда, Зилхижжа, Мухаррам және Рәжап айларының бейсенбі, жұма, сенбі күндері ораза ұстау және Шағбан айында ораза ұстау.

Зекет

- Зекет – араб тілінде «көбею, өсу, тазалық» деген мағыналарды білдіреді. Зекеттің парыз болу шарты: балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс, қарызы жоқ, нисап көлеміне жететін немесе одан да көп байлыққа ие мұсылман жылына бір рет Аллаһтың ризалығы үшін Құранда белгіленген адамдарға иелендіруі.
- Зекет – Жаратушының бұйырған әмірлерінің бірі. Бұл әмірді орындаған адам Аллаһтың ризашылығын алады. Зекет бай мен кедейдің арасындағы байланысты жақсартады. Адамдар арасында ізгі қарым-қатынастар орнайды

Қажылық

- Қажылық – «құрмет тұтылған, қасиетті жерді зиярат ету» мағынасын білдіреді. Қажылық айлары деп аталатын арнайы уақытта Мекке қаласының жанындағы Арафат тауында ниетімен тұру. Кейін Қағбаны тауап ету және қажылықтың амалдарын орындау.
- Қажылық ғибадатының шарттары: мұсылман болу, балиғат жасқа толу, ақыл-есі дұрыс болу, бостандығы болуы, негізгі мұқтажы және үйіне қайтқанға дейін жанұясына жеткілікті қаржысының болуы, мұсылман мемлекеті емес жердегі мұсылман кісі қажылықтың парыз екенін білу.

Қасиетті Қағба



Иман шарттары:

- Аллаһ Тағалаға сену
- Аллаһтың періштелеріне сену
- Аллаһтың кітаптарына сену
- Аллаһтың бүкіл пайғамбарларына сену
- Ахирет күніне сену
- Тағдырдағы жақсылық пен жамандық Аллаһтың жазуымен болатынына, өлгенен соң тірілудің хақ екеніне сену

**Исламда періштелерге сену иман шарты болып табылады.
Исламдағы төрт үлкен періште:**

- Жәбірейіл (ә.с.) – Аллаһтың кітаптарын Пайғамбарларға жеткізумен, уахи ісімен айналысады.
- Микәйіл (ә.с.) – табиғат құбылыстарына: жауын-шашын, жел, өсімдіктер әлемінің өсіп-өнуіне жауапты.
- Исрафил (ә.с.) – қиямет күнінің тууы және адамзаттың қияметте қайта тірілуіне қызмет атқаратын періште.
- Өзірейіл (ә.с.) – ажал сағаты жеткендердің рухын алатын періште.

- Исламның қасиетті кітабы – Құран–Кәрім. Құран-Кәрім әз-Мұхаммедке (с.а.у) Хира тауының үңгірінде Жәбірейіл періште арқылы аян етілген. Құран-Кәрімнің аяттары жиырма үш жылда Пайғамбарымызға жіберілген. Құран-Кәрім 114 сүреден тұрады. Сүрелер аяттардан тұрады. Құран-Кәрімді зерттеуші-ғалымдар аяттар саны 6204-6236 арасында деп есептейді.

Қасиетті кітап Құран



Мазһаб – көрнекті дін мүжтәһидтерінің діни және шариғи үкімдері мен мәселелерінің жинағы.

4 негізгі мазһаб:

- Абу Ханифа Нұғман ибн Сабит (699-767) Ханафи мазһабы
- Абу Абдуллаһ Малик ибн Анас ибн Малик ибн Абу Амир әл Исфакһани (715-785) Малики мазһабы
- Абу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Идрис ибн әл-Аббас ибн Усман ибн Шафии (767-821) Шафиғи мазһабы
- Абу Абдуллаһ Ахмад ибн Мухаммед ибн Ханбал (781-855) Ханбали мазһабы

Християн діні



Христиан діні – әлемдегі ең көп тараған діндердің бірі, қазіргі таңда оның 2 миллиардқа жуық ұстанушылары бар. Ол I ғасырда Рим империясының шығыс өлкесінде, дәлірек айтсақ, Палестинада б.д.д 30-100 ж. еврей және басқа ұлттардың арасында пайда болды. «Христос» сөзі грек тілінен алынған, мессия, құтқарушы деп аударылады. Осы есіммен Иисус Христос Көне Өсиетте болашақта Израил жеріне келіп, ол жердегі халықты қиыншылықтан құтқаратын, әділеттілікті орнататын пайғамбар ретінде сипатталады.

- Христианшылдық иудаизмнің, митраизмнің, көне шығыс діндерінің философиялық көзқарастарының тұжырымдамалық идеяларын игеріп, қайта қарастырды. Осының бәрі жаңа дінді байытып, нығайтты, оны ұлттық-этностық мәдениеттерге қарсы тұруға дәрменді мәдени-интеллектуалдық күшке, бұқаралық қозғалысқа айналдырды. Христианшылдықтың бұрынғы діни-мәдени мұраны игеруі жаңа ілімнің жалпыға танылуына мүмкіндік берді.


Христиан дінінің бөлінуі

- Христиан шіркеуі алғашқы уақыттан бастап біртұтас дін болған емес. Кең байтақ Рим империясының халықтары өздерінің тұрып жатқан әлеуметтік, әдет-ғұрып жағынан әр түрлі болғандықтан, Христиан діні де сол жергілікті өмірге бейімделініп таралды. Рим мемлекетінің нәтижесінде алғашқы кезде төрт дербес шіркеулер пайда болады. Олар Константинопль, Александрия, Антиохий, Иерусалим шіркеулері, іле шала Антиохий шіркеуінен Кипр, кейіннен Грузин православы шіркеуі бөлініп шықты. Ең үлкен бөліну 1054 жылы шығыс және батыс христиан шіркеулері болып, ыдырап аяқталды. Шығыс бөлігі Православиялық, ал батыс бөлігі Католик болып дербес шіркеу болып шықты.

- Католик шіркеуі және Католик ілімі ертедегі Христиан дінінен бөлініп шықты. IV ғ. Рим империясы Батыс және Шығыс империя болып бөлінген кезде, Батыс Рим империясының христиан шіркеуі батыстық немесе Рим католик шіркеуі болып аталды. Католик немесе «Католикос» деген ұғым грек тілінде «әлемдік», «барлық» деген мағына береді.
- Католик шіркеуі бір орталыққа бағындырылған. Оның орталығы және Рим Папасының резиденциясы – Ватикан

- Православие шіркеуі. Грек сөзі «ортодоксия» немесе «дұрыс ойлау», «құдайды дұрыс мақтай білу дегенді білдіреді. Православиенің негізі Қасиетті жазу (Көне және Жаңа кітаптар) және Киелі аңыз (предание) Христиандықтың Шығыс немесе Византиялық бөлігі, қазіргі кезде бір-біріне тәуелсіз автокефальды 15 православиешіркеуі бар: Константинополь (Туркия), Александрия (Египет), Антиохия (Сирия, Ливан), Иерусалим, Орыс, Грузия, Сербия, Румын, Болгар, Кипр, Эллада (Греция), Албан, Поляк, Чехославак және Американдық, тағы басқа үш автономдық шіркеулер бар (Синай, Фин және Жапондық). Әрбір дербес шіркеулердің шекарасын сол дербестік берген автокефальды шіркеу анықтайды

- Шіркеудің шығуымен бірге діни қасиетті жазбалар мен қасиетті аңыздардың жасақталуы қатар жүрді. Христиан дінінің қасиетті жазбасы Библияда жинақталған. Қазақша атауы - Інжіл.
- **Библия екі бөлімнен тұрады**
- Бірінші бөлім, Ескі өсиет
- Жаңа өсиет

- 
- Көне өсиет иудаизм және христиандықтың да қасиетті кітабы болып саналады. Ал жаңа өсиет – тек христиандықтың қасиетті кітабы.

Буддизм



- Буддизм атауы осы ілімнің негізін салушы Будда есімімен байланысты. “Будда” санскрит сөзі “будх” (ояну, көзі ашылу) ұйқыдағы сананың оянып, сергек санаға өтуін білдіреді.

- Бұл ілімді VI ғасырда Үндістан жерінде тарихи қайраткер Сиддхартха Гаутама таратты. 29 жасында Сиддхарха бар байлықтан, патшалықтан, жанұясынан бас тартып, адамзатты азап жолынан құтқарудың жолын іздеп шығады. 6 жыл әр-түрлі даналармен, діндарлармен әңгімелесіп, тақуалық өмір кешкенде өзін ойландырған сұрақтарға жауап таппайды. Бірде киелі саналатын Бодхи ағашының түбінде ойға шомып отырған Сиддхартхаға кенеттен шындық ашылады

Шындық буддизмнің төрт “ұлы ақиқаттарына” айналады:

- Бірінші ақиқат адам өмірі азап шегуден, қайғы-қасіреттен тұрады.
- Екінші ақиқат азап шегудің себептері адамдардың тілегі мен құмарлығына байланысты болады.
- Үшінші ақиқат – азаптан құтылудың жолдары, адамдардың өздерінің тілек, құмарлық ұмтылыстарына тежеу салу.
- Төртінші ақиқат – азаптан толық құтқарылу, Будда көрсеткен жолға түсу.
- Ол **“игілікті сегіз жол”** мыналар: дұрыс түсінік, дұрыс ой, дұрыс сөз, дұрыс іс-әрекет, өзін ұстай білу, дұрыс мінез, рухани дұрыс шынығу.

Жалпы сенушілер мына міндеттерді орындаулары керек:

- ешбір тірі жанды өлтірмеу
- ешқашан ұрлық жасамау
- зинақорлық жасамау
- өтірік айтпау
- басты айналдыратын сусындар ішпеу


Дін басыларына осыған қоса тағы бес парыз жүктеледі

- түстен кейін тамақ ішпеу
- көңіл көтеруге қатыспау
- иіс су жағып, әшекей тақпау
- биік және кең төсекте жатпау
- алтын, күміс жинамау

- Будда дінінің негізгі уағыздары «Трипитака» (Үш себет даналық) деп аталған кітапта баяндалған. Будда діні уағыздарының өзіндік ерекшелігі белгілі бір бейнедегі құдай жоқ. Будда барлық құдайлардан жоғары тұрады. Ол құтқару мүмкіндігі бар жеке тылсым күш емес, тек қана діндарлардың көзін ашып, оларға ақиқатты танудың, сондай-ақ дұрыс жүрудің жолын көрсетеді. Будда діні Веда уағыздайтын құдайларды, періштелерді, перілерді мойындап, басты құдай Брахманы да қолдайды.

- Будда діні өзге әлемдік діндер сияқты біртұтас емес. Тарихи деректерге қарағанда, Будда өлген соң бір ғасырдан соң монахтар жиынында буддизмнің тапжылмас негіздері, принциптері мен дін ережелерін жасайды.
- Осы мәселелерде пайда болған пікір-таластар будда дінінің екі бағытқа бөлінуіне себеп болды.
- Хинаяна діни ілім мен ғұрыптардың мызғымастығын жақтады.
- Махаяна оған қосымшалар енгізуді, буддизмге кеңірек және еркінірек түсіндірме беруді қолдады.

- Хинаяна өзінің таралу аумағына қарай “оңтүстік будда діні” деп аталады. Осыладың ішінде хинаянаның Шри-Ланкада беделі өте жоғары. Будда монахтары өздерінің білімдерін жетілдіру және діни лауазым алу үшін осында бас қосып тұрады.

- 
- Манхаяна немесе “солтүстік будда діні” негізінен Қытай, Жапония, Корея, Непал, Бутан территорияларында, бертінректе ламаизм түрінде Монғолияда, Тибетте орнықты